

**6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында орындалған Джолданова Динара Канатқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, педагогика ғылымдарының кандидаты, Рахимбекова Гүлденсин Оразбекқызының жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Джолданова Динара Канатовнаның 6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарлама мазмұнына толық сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: «Педагог» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша). 2018 жығы 31 тамыздағы №604 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 өзгерістерімен). Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (30.04.2020 ж. ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығының редакциясында). Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, 2018 ж.



2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған	Д.К. Джолданованың «Шетілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, себебі шетілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны анықталды; шетілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлік анықталды; ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі әзірленді; ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілді. Ғылыми зерттеулерде «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының анықтамаларын кездестіруге болады, алайда осы феноменнің мәні мен мазмұны жеткілікті түрде зерттелмеген: педагогтің диплом алғаннан кейінгі білім алу жағдайында акмеологиялық құзыреттіліктің жетілдіру моделі жасалмаған, болашақ педагогтің лидерлік қасиеттерін дамытудың акмеологиялық құзыреттілікпен байланысы жоқ, осы орайда зерттеу жұмысы лидер-педагогтың қалыптасуында негізгі буын болып табылатын болашақ педагогтің тұлғалық қабілеттерін дамытуға және жетілдіруге ынталандыруға ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары екенін жұмыстың шынайылығын тексерген анықтама дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі педагогикалық білім беруде болашақ мамандардың кәсіпке деген мотивациясын күшейту, тұлғаның жеке және кәсіби өсуіне дайын болуын қалыптастыру арқылы кәсіби іс-әрекетте жетістікке қол жеткізу үшін жеке мүмкіншіліктерін анықтау мен пайдалануды қамтамасыз ету маңызды орын атқарады. Білім алушыларды өзінің таңдап алған болашақ мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, тек қана педагогикалық іс-әрекет негіздерін игеріп қана қоймай, кәсіптік шеберліктің шыңына жетуге бағдарлануы жас маманның акмеологиялық

			<p>дайындығының қалыптасуына мүмкіндік береді.</p> <p>Акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұның толық игеру және маңыздылығын терең түсіну - білім беру саласындағы маманның жетілдірілуінің, оның жеке және кәсіби дамуы мен және өзін-өзі дамыту процестерінде биікке жетуінің қажетті шарты.</p> <p>Дамып келе жатқан педагог өз қызметінің басым бағыттарын анықтау және жүзеге асыру, оны өзін-өзі бағалау негізінде жетілдіру, кәсіби тапсырмаларды мобильді және шығармашылық жолмен шешу қабілетіне ие болуы тиісті. Үнемі өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мағынасы негізінде педагогтың кәсіби және жеке қасиеттерінің деңгейіне өсіп отырған сұраныстарды анықтайды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <b>айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертацияның теориялық және практикалық мазмұны ғылыми аппаратқа сәйкес жазылған. Зерттеу материалдары гипотезаны, диссертацияның жетекші идеясын көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b>сәйкес келеді;</b></p> <p>2) жартылай, сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Д.К. Джолданваның зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты болашақ шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін теориялық тұрғыдан негіздеуге, әзірлеуге және тәжірибелік сынақтан өткізуге бағытталады. Зерттеудің мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұның анықтау;</li> <li>– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлікті айқындау;</li> <li>– ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу;</li> <li>– ЖОО жағдайында болашақ шетел</li> </ul>



			тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <b><u>толық байланысқан;</u></b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Д.К. Джолданованың диссертациялық жұмысы ішкі бірлікпен ерекшеленеді, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және жұмыс сыни талдауларға негізделген. Ғылыми жұмыста алыс-жақын шетелдік ғалымдардың акмеология теорияларына, жеке тұлға-өзін-өзі дамыту теорияларына, акмеологиялық құзыреттілік ұғымына, лидерлік және лидерлік қасиеттерде дамыту теорияларына байланысты ойлары келтірілген. Болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық-әдістемелік кешенін зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сыни талдау жасау арқылы әзірлеген.	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және жұмыс сыни талдауларға негізделген. Ғылыми жұмыста алыс-жақын шетелдік ғалымдардың акмеология теорияларына, жеке тұлға-өзін-өзі дамыту теорияларына, акмеологиялық құзыреттілік ұғымына, лидерлік және лидерлік қасиеттерде дамыту теорияларына байланысты ойлары келтірілген. Болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық-әдістемелік кешенін зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сыни талдау жасау арқылы әзірлеген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); <sup>1</sup> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады: – шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны анықталды; – шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлік анықталды; – ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі әзірленді; – ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілді.



		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Қорытындыда көрсетілген нәтижелер диссертациялық жұмыстың проблемасын шешуге мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Автор тарапынан «Педагогикалық акмеология» атты оқу курсының бағдарламасы дайындалып, «Педагогикалық акмеология» элективті курсының тақырыптық жоспары мен мазмұнына ендірілген. Диссертация жұмысында ұсынылған болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>. Диссертацияның зерттеу нәтижелері мен қорытындылары ғылыми мақалаларда орын тапқан, оның ішінде Scopus базасында – 1, ҚР БҒМ БҒСҚК ұсынған басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында – 3.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:  7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) <b>жоқ</b>  7.3 Жаңа ма?  1) <b>ия;</b>  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1. Диссертант Д.К. Джолданова тарапынан диссертациялық жұмыста қорғауға бес ереже ұсынылған және дәлелденген.  7.2. Қорғауға ұсынылған ережелер тривиалды емес, өйткені өзіндік түпнұсқалық жаңалыққа ие.  7.3. Қорғауға ұсынылатын ережелер жаңа болып табылады.  Бірінші ереже бойынша, негізділігі педагогикалық ғылымдағы терминжасам теориясына тіректенген, шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтердің «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны автор тұрғысынан түсіндірілген, автордың түсінуіңше ол «пәндік және кәсіби құзыреттіліктері мен академиялық лидерліктің қағидаттарын біріктіруге негізделген, өзін-өзі даму стратегиясын іске асыру дайындығына,</p>



		<p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>шетілдік оқыту мәселелерін шешуге, яғни көптілді тұлғаны дамытуға, кәсіби қызметтің белсенді субъектісін қалыптастыруға бағытталған, болашақ шетел тілдері мұғалімі тұлғасының кәсіби құрамдас бөлігі».</p> <p>Екінші ереже бойынша, академиялық лидерлік шетілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы болып табылады, оның мәнін автор «кәсіби салада «мен-кәсіпқой» бейнесіне қол жеткізуді және лидерлік қасиеттерді дамытуды қамтамасыз ететін, кәсіби даму стратегияларын, өзіндік тиімділік және өзіндік рефлексия үдерістерін басқаруға педагогтың дайындығы» - деп түсінеді.</p> <p>Үшінші ереже бойынша, үштілділік саясаты жағдайында қоғамның, білімнің, тұлғаның мүдделерін оңтайлы іске асыруды қамтамасыз ететін және мақсатты, мазмұндық, процессуалды-іс-әрекеттік, бақылау - бағалаушы, нәтижелі блоктармен ұсынылған шетілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі ұсынылды.</p> <p>Төртінші ереже бойынша, 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бакалаврларының акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттары ұсынылған, автор оларды педагогикалық үдерістің сыртқы жағдайларының жиынтығы, шетілдік білім беру контекстінде академиялық лидерлікті көрсетуге ықпал ететін акмеологиялық білімдер, біліктер, практикалық тәжірибе алуының алғышарттары ретінде түсінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– студенттердің лидерлік сапаларын дамыту үдерісіне педагогикалық мониторинг ұйымдастыру;</li> <li>– студенттерді оқытушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру;</li> <li>– студенттердің лидерлік сапаларының дамуына педагогикалық қолдау көрсету;</li> <li>– ақпараттық-әдістемелік кешен.</li> </ul> <p>Бесінші ереже бойынша, шетілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделінің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттің тексеру нәтижелері ұсынылды.</p>
--	--	---	---



			<p>7.4. Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі ауқымды, өйткені, зерттеу нәтижесінде нақтыланған жаңа ұғымдар, түсініктер мен қағидалар шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтарды дайындау жаңадан қолданылуда. Ұсынылған «Педагогикалық акмеология» атты элективті курсы да ЖОО студенттеріне арналған.</p> <p>7.5. Иә, мақалаларда дәлелденген, Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың 7 еңбегінде көрініс тапты, оның ішінде Scopus базасында – 1, ҚР БҒМ БҒСҚК ұсынған басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында – 3. Сонымен қатар, авторлық куәлігі (Қосымша А) бар «Педагогикалық акмеология» атты оқу-әдістемелік құрал әзірленді және баспаға шықты. Әзірленген оқу-әдістемелік құрал тәжірибелік-педагогикалық режимінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің шетел тілдер факультеті базасында мақұлданды</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мәселені зерттеуге қажетті әдіснаманың мақсаттылық, даму және өзін-өзі реттеу, жүйелілік, субъектілік, лидерлік философиясына негізделген академиялық лидерлік: жеке мысал, лидердің әлеуметтік жауапкершілігі; мақсаттарға қол жеткізуге және кәсіби дамуды қамтамасыз етуге бағытталған интеграциялау, тұрақты өзін-өзі дамыту қағидаларына негізделген. Сонымен қатар, Кәсіби қызметте икемді, динамикалық, түзетуге бейімді, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті маманды қалыптастыру мен дамытуды, акмеологиялық құзыреттілікті, болашақ педагогтың кәсібилігін қалыптастыруды, акмеологиялық дайындығын зерттеген ғылыми еңбектерді басшылыққа алуымен негізделеді.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>



		<p>алынған:</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>- ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірленген;</p> <p>- 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бакалаврларының акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар ұсынылған:</p> <p>– студенттердің лидерлік сапаларын дамыту үдерісіне педагогикалық мониторинг ұйымдастыру;</p> <p>– студенттерді оқытушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру;</p> <p>– студенттердің лидерлік сапаларының дамуына педагогикалық қолдау көрсету;</p> <p>– ақпараттық – әдістемелік кешен.</p> <p>Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге (психологиялық-педагогикалық, лингвомәдениеттанымдық, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар) сілтемелермен <b>расталған</b></p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Автор пайдаланылған дереккөздер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің жоғары теориялық маңыздылығы педагогикалық ғылымды шеттілдік контекстіндегі болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы туралы біліммен байытудан тұрады. Автор шеттілдік контекстінде акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктері туралы ғылыми идеяларды нақтылайды және тереңдетеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: Зерттеудің практикалық маңыздылығы ЖОО жағдайында</p>



		<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b><u>ия;</u></b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде алынған нәтижелерді пайдалану, оқу үдерісіне ақпараттық-әдістемелік кешенді әзірлеу және еңгізу, сонын ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– тілдік мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралы;</li> <li>– тілдік мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» электронды оқу-әдістемелік құралы;</li> <li>– 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік кешені;</li> <li>– шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының студенттеріне арналған «Педагогикалық акмеология» авторлық элективті курсы;</li> <li>– «Лидер» студенттік клубының бағдарламасы («Лидер» клубының жұмыс істеу аясындағы аудиториядан тыс іс-шаралар блогы)</li> </ul>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеуші әзірлеген ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық-әдістемелік кешені педагогикалық практикаға жаңа ұсыныс боып табылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b><u>жоғары;</u></b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертация сауатты ғылыми стильмен, академиялық жазудың жоғары сапасымен ерекшеленеді.</p>

Зерттеу жұмысының жоғары ғылыми жаңашылдығын, теориялық және практикалық маңыздылығын, зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен негізділігін ескере отырып, ескертулер мен ұсыныстар айту қажет деп санаймын:

1. Зерттеушімен ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдау барысында «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымына көбірек назар аударылып, «академиялық лидерлік» ұғымына аз еңбектер талданған. Соған көңіл бөлу қажет деп есептеймін;

2. Жұмыста стилистикалық және орфографиялық қателіктер кездеседі.

Алайда, жоғарыда айтылған ескертулер Д.К. Джолданованың диссертациялық зерттеуінің жалпы оң бағасын төмендетпейді. Ұсынылған жұмыс маңызды нәтижелер мен ережелердің жиынтығын қамтиды, ішкі біртұтастыққа ие және автордың педагогика ғылымы мен практикасына қосқан жеке үлесін дәлелдейді, бұл ғылыми басылымадра зерттеудің негізгі




нәтижелерінің жариялануымен расталады. Диссертациялық жұмыстың алынған теориялық және практикалық нәтижелерін білім беру практикасында қолдану мүмкінді күмән тудырмайды.

**Шешім:** Джалданова Динара Канатовнаға 6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

П. ғ. к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
Университетінің шетел тілдер кафедрасының меңгерушісі

 Г.О. Рахимбекова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің  
шетел тілдер кафедрасының меңгерушісі Г.О. Рахимбекованың қолтаңбасын растаймын

